

**"Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы әкімдігінің 2014 жылғы 11 қарашадағы № А-10/535 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 12 желтоқсанда № 4509 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 2016 жылғы 17 мамырдағы № А-6/219 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы әкімдігінің 17.05.2016 № А-6/219 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) бекітілсін.

2. "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте және мерзімде Ережені әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы облыс әкімдігінің қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*С.Кулагин*

Ақмола облысы әкімдігінің  
2014 жылғы 11 қарашадағы № А-10/535  
қаулысымен бекітілді

**"Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі туралы**

## Ереже

### 1. Жалпы ережелер

1. "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі орман қорын күзету, қорғау және пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласында, су қорының жер үсті көздерін пайдалану мен қорғау саласында, табиғи ресурстарды пайдалану саласында, сонымен қатар қоршаған ортаны қорғау саласын мемлекеттік реттеу саласында мемлекеттік басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінде осы Ереженің қосымшасында көрсетілген ведомстволық бағынысты ұйымдары бар.

3. "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен басқарма басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның мекенжайы: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 89-үй.

10. Мемлекеттік органның толық атауы: "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады

Егер "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органның миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

14. "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің миссиясы Ақмола облысының экологиялық тұрақтылығын қамтамасыз ету, қоршаған ортаның сапасын жақсарту және орман қорының ресурстық әлеуетін қалпына келтіру, қорғау, күзету, молықтыру үшін қолайлы жағдайлар жасауын қамтамасыз ету болып табылады.

15. Міндеттері:

1) орман өсіру және ормандарды молықтыру, орман қорын пайдалану, қорғау, сақтау мақсатында мемлекеттік басқару;

2) қоршаған орта мен халықтың тұрмыстық жағдайын жақсарту және сақтау үшін жердің беткі қабатындағы су қорын пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару;

3) табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы мемлекеттік басқару;

4) адам денсаулығы мен өмірі үшін қоршаған ортаның қолайлы жағдайын қамтамасыз ету мақсатында, экологиялық қауіпсіздікті, биологиялық түрлілік

пен экологиялық жүйелерді сақтауды қамтамасыз ететін қоршаған ортаның сапасын реттеу және оған шекті әсерді белгілеу жолымен қоршаған ортаны қорғау саласында мемлекеттік реттеу;

5) басқарманың өкілеттігі мен міндеттерінен туындайтын мемлекеттік қызметтер көрсету.

#### 16. Функциялары:

1) ормандарды күзетуді, қорғауды, молықтыру мен орман өсіруді ұйымдастыру және қамтамасыз ету, басқарманың функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры аумағында орман пайдалануды реттеу;

2) уәкілетті органмен келісе отырып орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру жөніндегі өңірлік бағдарламаларды әзірлеп, оларды іске асыру;

3) жеке және заңды тұлғаларды, сондай-ақ ұйымдардың өрт сөндіру техникаларын, көліктері мен басқа да құралдарын ормандағы өрттерді сөндіруге тарту тәртібін әзірлейді, осы жұмысқа тартылған жеке тұлғаларды жүріп-тұру өрт сөндіру құралдарымен, тамақпен және медициналық көмекпен қамтамасыз ету;

4) өртке қарсы насихатты, бұқаралық ақпарат құралдарында ормандарды сақтау, ормандарда өрт қауіпсіздігі ережелерін орындау туралы мәселелердің тұрақты берілуін ұйымдастыру;

5) облыс аумағында ормандағы өртке қарсы күрес жөніндегі жұмыстарды үйлестіру, қажет болған жағдайда осы мақсатта арнайы комиссиялар құру;

6) орман қоры аумағында орман зиянкестерімен және ауруларымен күресу және орманның санитарлық жай-күйін жақсарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

7) орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күресте авиахимиялық, авиабиологиялық және аэрозольдық іс-шаралар жүргізген кезде орман пайдалану құқығын шектеу туралы шешім қабылдау, сондай-ақ орманда өрт қаупі жоғары болып тұрған кезеңдерде жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салу туралы ұсыныс енгізу;

8) уәкілетті органға беру үшін "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің функционалдық қарауындағы орман қорының мемлекеттік есебін, мемлекеттік орман кадастрын, мемлекеттік орман мониторингі жөнінде материалдарды әзірлеу;

9) уәкілетті органның және облыстың жергілікті уәкілетті органының қатысуымен "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қарауындағы мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді пайдалануға беру жөнінде

тендерлер ұйымдастыру және өткізу;

10) өздерінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қорының аумағында орманды өрттен күзету ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

11) өздерінің функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану құқығын, сондай-ақ ормандардың жай-күйіне және молықтырылуына қауіп төндіретін жұмыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтата тұрады, шектейді, тоқтатады;

12) орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген, өз қарауындағы мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман пайдаланушыларға құрылыс объектілерін салуға учаскелер береді және осы учаскелерді осындай объектілер салу үшін пайдалануға рұқсат береді;

13) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады;

14) функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қорының аумағында орманды өрттен күзетуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

15) өз құзыреті шегінде табиғат қорғау іс-шараларының жоспарларын келісу;

16) мемлекеттік меншіктегі су шаруашылығы имараттарының есебін жүргізу;

17) бассейндік су шаруашылығы басқармаларымен келісім бойынша су қорғау аймақтарын және белдеулерін белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізу;

18) бассейндік кеңестердің жұмысына және бассейндік келісімге қатысу, су объектілерін ұтымды пайдалану және қорғау ұсыныстарды бассейндік кеңестердің қарауына енгізу, бассейндік кеңестердің ұсынымдарын зерделеу, оларды іске асыру жөнінде шаралар қабылдау;

19) облыс аумағындағы су объектілерінің жағдайы туралы ақпарат ұсыну;

20) Қазақстан Республиканың заңнамасына сәйкес мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру және жүргізу;

21) судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындармен басқа да құрылыстарды орналастыруды және пайдалануға беруді, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс, түбін тереңдету және басқа да жұмыстарды жүргізу шарттарын келісу;

22) жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын әзірлеу;

23) өңірлік ерекшеліктерін ескере отырып, ортақ су пайдалану ережесін әзірлеу және кейіннен жергілікті өкілетті органға бекітуге ұсыну үшін облыс әкімдігіне енгізу;

24) II, III, IV санаттағы нысандар үшін қоршаған ортаны қорғау эмиссиясына табиғатты пайдаланушыларға рұқсат беру, II, III, IV санаттағы нысандарға

мемлекеттік экологиялық сараптама беру;

25) мемлекеттік экологиялық сараптама жасау кезінде қоғамдық тыңдауларға қатысу;

26) мемлекеттік қызметтер көрсету;

27) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі өздеріне ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың қызметін үйлестіру мен бақылауды жүзеге асыру;

28) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясаттың қамтамасыз ету;

29) аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары үшін жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аңшылық алқаптарды бекітіп беру бойынша конкурстар өткізу;

30) бір облыстың аумағында орналасқан, жергілікті, халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарын бекітіп беру бойынша конкурстар өткізу;

31) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру, сондай-ақ қолдан өсіру жөніндегі қызметті ұйымдастыру;

32) аңшылық алқаптарының резервтік қорында жануарлар дүниесін қорғауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

33) балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қорын қорғауды ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

34) ғылыми ұсынымдар негізінде балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін паспорттауды жүргізу;

35) рекреациялық балық аулау аймағын белгілеу;

36) балық шаруашылығы учаскелерінің шекараларын белгілеу, ұйықтарды (ұйықтық учаскелерді) ашу және жабу;

37) екі және одан да көп облыс аумағында орналасқан балық шаруашылығы су айдындарында ғылыми-зерттеу үшін аулау, сондай-ақ сирек кездесетін және құрып бара жатқан жануарлар түрін қоспағанда, жануарлар әлемін пайдалануға рұқсат беру.

17. Құқықтары мен міндеттері:

1) келесі ұсыныстар енгізу:

жер үсті су көздерін, ормандарды шаруашылыққа пайдалану режимдерін белгілеу;

жер үсті су ресурстары көздерін пайдалану үшін төлем ставкаларын бекіту;  
мемлекеттік орман қоры учаскелеріндегі ормандарды пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын (түбірімен босатылатын сүрек төлемақысының базалық ставкаларынан басқасы) бекіту;

- қоршаған ортаға эмиссияға төлемақы ставкаларын белгілеу;
- 2) меншік түріне қарамастан белгіленген тәртіппен ұйымдардан, мекемелер мен кәсіпорындардан басқарма қызметіне қатысты ақпараттар сұрау және алу;
  - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асыру.

### **3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру**

18. "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесімен басшылықты "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшысы жүзеге асырады.

19. "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Ақмола облысы әкімінің өкімімен қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

20. "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

Басшы өз орынбасарларының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

21. Басшының өкілеттігі:

- 1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларының және мамандардың міндеттерін және өкілеттіктерін белгілейді;

- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бағынысты мекемелер мен кәсіпорындар директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

- 4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін, сондай-ақ, "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне ведомствоға бағынысты мекемелер мен

кәсіпорындар директорларын марапаттау, материалдық көмек көрсету, тәртіптік жаза қолдану мәселелерін шешеді;

5) "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін, сондай-ақ, "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне ведомствоға бағынысты мекемелер мен кәсіпорындар директорларын лауазымдық нұсқауларын бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің өкілі болады;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша шаралар қолданады және ол үшін жеке жауапты болады;

8) "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің алқасы жұмысын ұйымдастырады және басқарады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

"Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

#### **4. Мемлекеттік органның мүлкі**

22. "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің заңнамамен көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ, өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік облыстық коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат



есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

25. "Ақмола облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Ақмола облысының табиғи  
ресурстар және табиғатты  
пайдалануды реттеу басқармасы"  
мемлекеттік мекемесі туралы  
Ережеге қосымша

### **"Ақмола облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы"**

#### **мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы мемлекеттік ұйымдарының тізбесі**

1. "Ақмола облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының "Ақкөл" орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
2. "Ақмола облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының "Барап" орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
3. "Ақмола облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының "Үлкен Түкті" орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
4. "Ақмола облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының "Бұқпа" орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
5. "Ақмола облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының "Ерейментау" орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
6. "Ақмола облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының "Кеңес" орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
7. "Ақмола облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының Красноборск орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;
8. "Ақмола облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу

басқармасының Кіші Түкті орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

9. "Ақмола облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының Отрадненск орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

10. "Ақмола облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының Ұрымқай орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

11. "Ақмола облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының Куйбышев орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

12. "Ақмола облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының Маралды орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

13. "Ақмола облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының Степногорск орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

14. "Ақмола облысы табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасының жанындағы "Зеренді балық шаруашылығы кәсіпорны" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.